Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 281-282

«СИЫРЛАРДЫҢ ЭНДОМЕТРИТ ТҮРЛЕРІНДЕ ҰЛПАЛЫҚ ПРЕПАРАТТЫҢ ЕМДІК ЖӘНЕ ДАУАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ»

Кукеева А.А.

Ірі қара мал түлігінен алынатын өнім көп. Оның сүтінен, етінен, терісінен алынатын өнімдердің адамзат өмірінде қажеттілігі зор. Қазіргі кезде аурулармен күресу шаралары жақсы нәтиже беруіне қарамастан шаруашылыққа көп шығын тудыратын жекелеген аурулар кездеседі, осылардың ішінде эндометриттердің үлесі мол.

Эндометриттердің алдын алу және емдеу үшін әдетте антибиотиктер, сульфаниламидтер, нитрофурандар және олардың қиылысқан емдік түрлері қолданылады. Бұл емдік заттардың аса тиімді әсер бере бермеуін микроорганизмдер мен саңырауқұлақтардың жоғары-резистентті штаммдары пайда болатындығымен түсіндіруге болады. Осыған орай, мақсаттық қолданымдағы тиімді, жаңа препараттарды іздестіру және оларды пайдаланудың ғылыми әдіс-тәсілдерін құрастыру маңызды болып табылады.

Зерттеу нысандары ретінде қара-ала сиырлар пайдаланылды, олар жайылымдық және тұрақтық ұстау жағдайларында болды. Зерттеуге эксперименталдық және өндірістік тәжірибелерде 20 бас сиырлар, 12 сиыр эндометритке шалдыққан сиырларының қан сарысуына иммунологиялық, биохимиялық зерттеулер өткізілді. Алдымен эндометрит ағымының жекелеген жақтарын толық зерттеп, анықтау үшін салыстырмалы тұрғыда осы кеселге шалдыққан және сау сиырлардың биологиялық күйін анықтадық. Осы мақсатпен екі топ құрылды. 1-2 топтарда 4 бастан эндометритпен ауырған сиырлар, үшінші 4 бас бақылау тобы.

Эндометритке шалдыққан сиырлардың организмінде өтіп жатқан өзгерістерді анықтау үшін, қан сарысуына биохимиялық зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде ауру сиырлардың қан сарысуының жалпы ақуызы сау сиырлардың ақуызымен салыстырғанда 14,3% төмен екендігін айқындалды. Зерттеу барысында өткізілген иммунобиологиялық зерттеулер кешені сиырлар организмінде өтіп жатқан өзгерістердің гуморалды өзгерістер тудыратынын көрсетеді. Қанның иммунологиялық көрсеткіштерінде күрт өзгерістер байқалған, атап айтқанда ауру сиырлардың шеткері қанында В-лимфоциттері мөлшері 26,8% төмендеген, ал лейкоциттер 29,18% жоғарылаған, ал лимфоциттер мен моноциттер 29,1% және 69,03% тиісінше жоғарылаған.

Жоғарыда көрсетілгенді ескере отырып, эндометрит кезінде организмде айтарлықтай өзгерістер байқалатыны жайлы тұжырымдауға болады, олар қанның биохимиялық көрсеткіштерінен көрініс табады.

Жетекшісі – в.ғ.д. Т.Ж. Әбдірахманов